

Абай облысы бойынша әлеуметтік мәні бар ауданаралық (облысiшiлiк қалааралық) және қала маңындағы жолаушылар қатынасының тiзбесiн бекiту туралы

Абай облысы мәслихатының 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 12/81-VII шешiмi. Қазақстан Республикасының Әдiлет министрлiгiнде 2023 жылғы 6 қаңтарда № 31598 болып тiркелдi

Ескерту. Шешiмнiң тақырыбы жаңа редакцияда – Абай облысы мәслихатының 15.11.2023 № 9/64-VIII шешiмiмен (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi).

Қазақстан Республикасы "Темiр жол көлiгi туралы" Заңының 14-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Абай облысы мәслихаты ШЕШТI:

1. Абай облысы бойынша әлеуметтiк мәнi бар ауданаралық (облысiшiлiк қалааралық) және қала маңындағы жолаушылар қатынасының тiзбесi, келесi бағыттар бойынша бекiтiлсiн: "Семей – Жаланашкөл – Семей", "Семей – Дегелен – Семей", "Семей – Шар – Семей", Семей – Ауыл – Семей", "Ақтоғай – Аягөз – Ақтоғай.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Абай облысы мәслихатының 15.11.2023 № 9/64-VIII шешiмiмен (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi).

2. Осы шешiм оның алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

Абай облысы мәслихатының хатшысы

К. Сулейменов